

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2024 жылдың II-тоқсаны


Бөлшек саудалық депозит нарығының даму барысы

Тұрақты экономикалық жағдай және сырттан қауіп-қатерлердің жоқтығы отандық депозит нарығының дамуын қамтамасыз етуде. 2024 жылдың 2-тоқсанында іскерлік белсенділік жоғарылады (наурызда – 50,3, маусымда – 51,4¹), халықтың қалтасы қалыңдады, яғни табысы бірқалыпты өсті (атаулы табыстар индексі – 111,7%-ды, ал нақты табыстар индексі – 102,5%²-ды құрады). Инфляция деңгейі болса төмендеуін жалғастырды (наурызда – 9,1%, маусымда – 8,4%³). Мамыр айында Fitch Ratings агенттігі Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингі «BBB» деңгейінде екендігін растады, ал болжам – «тұрақты»⁴. Осындай қолайлы экономикалық жағдай отандық депозит нарығының өсуіне оң әсер етті: тоқсан ішінде өсім 6,9%-ды (+1,4 трлн теңге), ал жылдық тұрғыда 20,5%-ды (+3,7 трлн теңге) құрады (1-сурет).


Теңгелік депозиттер – нарықтың негізгі қозғаушы күші. Бұған теңге бағамының құбылмалығы да әсер ете алмайды. (2-сурет). Маусым айында ұлттық валюта бағамы 5,5%-ға⁵ төмендеді. Оған себеп – Ұлттық қордан бюджетке трансферттер жіберу үшін валюта айырбастауға бөлінетін қаражат көлемі қысқарды. Оның үстіне айырбас бағамына маусымдық факторлар ықпал етеді. Мысалы, жаз айларында еңбек демалыстарына байланысты теңгеге емес, валютаға деген сұраныс артады. Оның үстіне бұл кезде импорт та өсе түседі. Ал халқымыз бүгінгі таңда құбылмалы валюта бағамы жағдайына әбден бейімделіп, үйреніп те қалған. Сәйкесінше теңге бағамының өзгерістері қазіргі кезде депозиттердің теңгеден валютаға өтуіне анау айтқандай әсер ете алмайды – салымшылар валюта бағамының уақытша өзгерісінен туындайтын ықтимал пайдадан көрі тұрақты пайыздық табыстан айырылғылары келмейді. Нәтижесінде теңгенің айырбас бағамының төмендегендігіне қарамастан, 2024 жылдың 2-тоқсанында теңгелік депозиттердің көлемі 7,4%-ға (+1,1 трлн теңге) өсті. Валюталық депозиттер де, оның ішінде валюталық қайта бағалауды есепке алсақ (3,9%, +0,2 трлн теңге) 5,4%-ға (+0,3 трлн теңге) өсті. (2 және 3 сурет).

Салымдардың долларлануы төмендеуін жалғастыруда. Бұған шетел валютасының айырбас бағамы өзгерісі әсер етіп жатқан жоқ (4-сурет). 2024 жылдың 01 шілдесіне қарай, бөлшек саудалық


1-сурет. Екінші тоқсанда халық депозиттерінің өсуі 1-тоқсандағы маусымдық жылыстаудың орнын басты



2-сурет. Теңгелік депозиттер – нарықтың өсуінің негізі



3-сурет. Валюталық депозиттердің жылыстауы уақытша тоқтады



¹ Іскерлік белсенділік индексі нақты сектордағы экономиканың жай-күйін сипаттайды: <https://www.nationalbank.kz/ru/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>

² 2024 жылдың қаңтар-наурызы үшін, өткен жылдың сәйкес кезеңіне. Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

³ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, өңірлердегі инфляциялық құбылыстар, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/inflacionnyye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

⁴ <https://www.fitchratings.com/entity/kazakhstan-80442239>

⁵ <https://nationalbank.kz/ru/news/informacionnyye-soobshcheniya/16830>

депозиттердің долларлану деңгейі 25,4%-ды құрады. Есепті тоқсанда 0,4 пайыздық тармаққа (п.т.), ал жылдық тұрғыда 5,0 п.т-қа төмендеді. Қазіргі уақытта айырбас бағамы салымшылар үшін қолда бар ақшаны инвестициялауда, оның валютасын таңдауда бағыт-бағдар сілтеуші фактор болудан қалған. Сондықтан долларланудың төмендеп жатқандығына көп жағдайда салымшылардың «Теңгелік депозиттер бойынша лайықты табыс алсам» - деген ниеті және валютадағы балама инвестиция көздері әсер етіп жатыр. Нәтижесінде валюталық депозиттердің үлесі барлық сегментте байқалуда, әсіресе ірі сегментте: бір жыл ішінде 11,8 п.т. төмендеді (5-сурет). Дегенмен ірі сегментте валюталық депозиттердің үлес салмағы әлі де жоғары – 2024 жылдың 1 шілдесіне қарай 50,6%-ды құрады. Қазірдің өзінде келесі тоқсанда осы сегментте долларлану деңгейі сындарлы деңгейден де төмен түседі деген болжам бар.


Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.


Депозиттер бұқаралық сегмент үшін қарапайым және қолжетімді банктік өнім ғана емес, ол – орта және ірі инвесторлар үшін тартымды, қызықты инвестициялау құралы. 2024 жылдың 2-тоқсанында 2023 жылдан бері тұңғыш рет депозиттердің көлемі барлық сегментте бір тоқсанның ішінде 6,0%-дан 8,2%-ға дейін, ал жылдық тұрғыда 15,2%-да 33,5%-ға дейін өсті. Ең жоғары өсімді орта және ірі сегменттердің теңгелік депозиттері көрсетті – тоқсан ішінде 42,7%, ал жылдық тұрғыда 61,1%. Қалтасы қалың ірі салымшылардың өздері неше түрлі инвестициялау көздері бола тұра, депозиттерді таңдауы – банк салымдарының тәуекелі төмен, бірақ табыстылығы жоғары тартымды инвестициялау құралы екендігін білдіреді. Егер бұқаралық сегмент өкілдері әдетте уақытша артылып қалған, қажет кезде қайтарып ала салатын ақшаларын банк салымдарына салатын болса, орта және ірі сегменттегі жинақ ақшалар әрине, ұзақ мерзімді инвестициялық сипатқа ие және олар банктер үшін негізгі ақшалай қор жинау көзі болып табылады.

Нарықтың сегменттер бойынша құрылымы тоқсан ішінде шамалы ғана өзгерді. Бұл бұқаралық сегмент үлесінің қысқарып жатқандығын білдіреді. Бұқаралық сегменттің орта және ірі сегменттерге қарағанда қысқаруы табысы төмен, қарапайым салымшылардың ақша жинау қабілетінің төмендеуіне байланысты болып отыр. Бұл санаттағы салымшыларға тұтыну тауарларының бағасы мен айырбас бағамының өзгеруі қатты әсер етеді. Мысалы, 2024 жылдың 1 шілдесіне қарай қалдық ақшасы 5 млн теңгеге дейін болатын депозиттердің жылдық өсімі 10,2%-ды, ал қалдық ақшасы 5-15 млн теңге болатын депозиттердің жылдық өсімі – 22,1%-ды құрады. Ал осы

4-сурет. Депозиттердің долларлануы валюта бағамының өскендігіне қарамастан төмендеуде




5-сурет. Долларлану әсіресе ірі сегментте айтарлықтай төмендеді




* представляет собой экспертное мнение о «психологическом уровне» долларизации, превышение которого несет в себе определенные риски для банковского фондирования

6-сурет. Депозиттердің көлемі барлық сегментте өсті



7-сурет. Бұқаралық сегменттің үлесі орта және ірі сегменттердің пайдасына қарай қайта үлестірілуде



жерде салыстырып қарайтын болсақ, қалдық ақшасы 15-50 млн теңгені құрайтын орта сегменттің жылдық өсімі 33,5%-ға жетті. Нәтижесінде бір жыл ішінде бұқаралық сегменттің үлесі 2,3 п.т-қа түссе, орта және ірі сегменттің үлесі сәйкесінше 1,7 п.т. және 0,6 п.т-қа өсті (7-сурет).

Депозиттерді мерзімділік өлшемарты бойынша орналастыру құрылымы


Жинақ депозиттер – нарықтың ең келешекті және ең тез дамып жатқан сегменті. Қазіргі уақытта нарықта салымшылар арасында ең танымал салымдар – мерзімсіз салымдар (нарықтағы үлесі - 64,4%) және сыйақысы мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттер (тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіндегі салым мен білім беру салымы, олардың нарықтағы үлесі – 10,8%). Осыдан 1-1,5 жыл бұрын ең жоғары өсу қарқыны осы соңғы айтылған салымдарда болатын. 2023 жылдың ортасынан бастап жағдай өзгерді – салымшылар енді банктер анағұрлым тартымды табыстар ұсынатын жинақ салымдарға қызығушылық таныта бастады. Нарықтың бұл сегменті бір жыл ішінде қарыштап дамып, 61,9%-ға өсті, ал сол жылы мерзімсіз салымдардың өсімі 23,5%-ды көрсетті. Жинақ депозиттер нарығында сұраныстың да ұсыныстың да өсуі нәтижесінде тұрақты ақшалай қор жинау үлесі⁶ де өсті – 2 тоқсан ішінде 0,4 п.т-қа, ал жылдық тұрғыда 2,4 п.т-қа артты (8-сурет).

Сыйақы мөлшерлемесі


Ұлттық Банктің бірқалыпты катал ақша-несие саясатының және мөлшерлемелерді реттеудің жаңа механизмінің нәтижесінде мерзімсіз салымдар (базалық депозиттердің⁷ жалпы көлемінің 82%-ын алады) бойынша сыйақы мөлшерлемелері өзінің төмендеуін әрі қарай жалғастырды. Биыл сәуір айында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 14,75% деңгейінде сақтаса, 3 маусымнан бастап 14,50%-ға дейін, ал 15 шілдеден бастап 14,25%-ға дейін төмендеткен болатын. Жаңа реттеу құралы аясында енді ҚДКБҚ-ның шекті мөлшерлемелері банктердің көпшілігі үшін шектеу бола алмайды. Дейтұрғанмен банктердің барлығы жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді немесе банктің мөлшерлемесі мен нарықтық мөлшерлеме арасындағы спредке қарай дисконт алады. Соның нәтижесінде банктер нарықтық мөлшерлемелерді, әсіресе ең көп ашылған депозиттік өнімдер бойынша мөлшерлемелерді мұқият бақылайтын болды. Айталық, мерзімсіз салымдар бойынша банктердің мөлшерлемелері шашыранды емес, бір-біріне жақын, Бұл сегмент бойынша 2-тоқсанда нарықтық мөлшерлеме базалық мөлшерлеменің ізімен жүріп отырып, 14,2%-дан 14,0%-ға дейін төмендеді (9-сурет).

Толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ депозиттер сегменті әлі де жеткілікті дамымаған (базалық депозиттердің жалпы көлемінің 1,5%-ын

8-сурет Жинақ салымдар – нарықтың ең тез дамып жатқан сегменті




9-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме базалық мөлшерлеменің ізінше төмендеді



10-сурет. Банктер жаңа реттеу механизмі аясында мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелерді төмендетті

а) толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер



* в расчет рыночной ставки не включаются вклады банков, по которым ставки вознаграждения равны или ниже 0,1%. С учетом этого рыночная ставка по

⁶ тұрақты қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі аясында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

⁷ 2024ж.01.07 қарай; базалық депозиттер – мерзімсіз, мерзімді және жинақ

құрайды). Нәтижесінде олар бойынша нарықтық мөлшерлемелер мардымсыз ғана өзгерді. Базалық мөлшерлеменің болашақта бәрібір төмендеуі мүмкін екендігін ескере отырып, банктер мұндай салымдар бойынша жоғары мөлшерлемелерді бекітуге қауіптенеді. Өйткені пайыздан ұтылып қалулары мүмкін. Ал өз кезегінде салымшыларды сыйақы мөлшерлемесі жоғары депозиттер қызықтырады, тіпті оларды толықтыру мүмкіндігі болмаса да. Осылайша толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ депозиттер сегментінде 2-тоқсанда көптеген мерзімдердің нарықтық мөлшерлемелері 0,1-ден 0,3 п.т.-қа дейінгі аралықта аздап қана өзгерді. Ал тоқсанның соңына қарай, 6 айлық мерзімдер бойынша мерзімсіз депозиттердің деңгейінен де төмендесе, 12 айдан жоғары мерзімдер бойынша тіпті инфляция деңгейінен де төмен болды (10-а сурет).

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар (базалық депозиттердің жалпы көлемінің 16%-ы) – банктер арасында жаңа клиенттер үшін негізгі бәсекелестік күрес жүретін сегмент болып табылады – депозит нарығында банктер осы өнімдер бойынша анағұрлым тартымды мөлшерлемелер ұсынады. Клиенттер бұл салымдар бойынша үстінен қосымша ақша сала алмайды. Сәйкесінше банктер, әсіресе қысқа мерзімдер бойынша батыл түрде жоғары мөлшерлемелер ұсына алады. Бұл сегментте банктер белсенділік танытып жатқан соң, оның үстіне халық тарапынан сұраныстың бар екендігіне қарай, 2-тоқсанда толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер 0,1-ден 1,0 п.т.-қа дейінгі аумақта өсті (10-б-сурет).

Мерзімі 24 айдан асатын депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелердің жоғары-төмен шашыраңқы болуы бұл сегменттердің әлі жөнді дамымағанына байланысты болып отыр.

Қазақстанда мерзімді және жинақ салымдар нарығының қалыптасқанына әлі көп болған жоқ – бар болғаны 6 жыл. Оның өзінде тек соңғы 2 жылда ғана белсенділік танытып жатыр. Ал ел экономикасының дамушы сипатта екендігін ескерсек, банк секторындағы пайыздық мөлшерлемелер өзінің тұрақсыздығын, құбылмалылығын сақтайды және ұзақ мерзімді келешекте айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Демек пайыздық тұрғыдан алғанда бұл банктер үшін де салымшылар үшін де қиындық тудыратыны, түйткілді мәселе екендігін білдіреді. Мерзімі 24 айдан асатын депозиттік өнімдерді санаулы ғана банктер ұсынатындығын ескерсек, сол банктердің бірінде осындай ұзақ мерзімді депозиттердің көлемі өзгертін болса, банктердің мөлшерлемелері тұрақты болған күннің өзінде бұл өзгеріс орташа өлшемді нарықтық мөлшерлемелердің есептік мәнінің өзгеруіне әкеп соғары анық.

стабильным вкладом с правом пополнения со сроком до 1 месяца отсутствует, так как в данной категории преобладают займы овернайт со ставкой ниже 0,1%.

б) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер

